

FTAMP 02.41.51

**Т. Жанқулов<sup>1</sup> – негізгі автор,  
З. Құламанова<sup>2</sup> (orcid-0000-0001-7677-3622)**

<sup>1</sup>Филос. ғылым. канд., проф., <sup>2</sup>Фил. ғылым. канд., проф.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан  
e-mail: <sup>2</sup>[ziba\\_asilmura@mail.ru](mailto:ziba_asilmura@mail.ru)

### ҒҰМЫРЫ ҒЫЛЫМ ГУМАНИЗМІМЕН ӨРІЛГЕН БАСШЫ

**Аннотация.** Мақалада Қазақстанның қарыштап дамуына, қазақ халқының өркениеттілігіне қомақты үлес қосқан гуманист ғалым, профессор Р.Ж.Жолаевтың 1962-1973ж.ж. Жамбыл гидромелиоративтік және құрылыс институтының (қазіргі М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті) ректоры ретіндегі атқарған қызметі мен оқу-тәрбие, ғылым бағытындағы оның сіңірген еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті және адамгершілік қасиеті жайлы жан-жақты баяндалады.

**Тірек сөздер:** басшы, ғалым, ұйымдастырушы, ұстаз, гуманист, тұлға.



**Кіріспе.** Елбасы Н. Назарбаевтың «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығында: «Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті» деп көрсеткен [1,2]. Осы бағыттағы еліміздің өркендеп дамуына өз үлестерін қосып отыратын жастарды білім нәрімен суысындатып, сондай-ақ олардың қоғамдағы өз орындарын тауып, болашақ ғалым, сан-салалы білікті маман етіп даярлау жоғары оқу орындарының негізгі міндеті екені анық. Осы бағыттағы аянбай еңбек етіп, тер төккен Жолаев Рақмет Жанғазыұлы - Жамбыл гидромелиоративтік және құрылыс институтының бірінші ректоры (1962-1973), техника ғылымдарының докторы, профессор, академик туралы тақырыпты таңдап отырымыз.

Тақырыптың өзектілігі сонда - ол ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында басталған Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының құрғақ жерлерін игерудің мемлекеттік жоспарын жүзеге асыруға қажетті кадрлармен қамтамасыз етуде негізгі басты ұйымдастырушы, әрі басшысы болды. Мақалада оның ғұмыры ғылым гуманизмімен өрілген басшы екендігін мәселенің жалпы болашақ жастарға бере тәлімі мен тәрбиесінің, үлгісінің маңыздылығын сипаттай отырып, баяндау.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Қай ғылым болмасын онда теориялық және тәжірибелік зерттеулер қажеттілігін объективтік қағида ретінде кез келген, мейлі ол кім болсын, адамды еңбек ету, өмірдегі іс-әрекет үрдісінде салыстыра, салғастыра зерттеуді талап етеді, сондықтан да адамның өмір сүруі, еңбек жолы, ортасы және т.б. арқылы бағалауға болады. Рахмет Жанғазыұлының басшылығымен аталмыш институттың кафедралары, оқу және мамандандырылған зертханалар мен шеберханалар құрылды.

Р.Ж.Жолаевтың жетекшілігімен заманауи жабдықтармен құрылған институттың оқу-зертханалық базасы етек алып білікті профессор-оқытушылар құрамы тартылып қалыптасып компартияның Институт басшысы бақылауында болса да, жастарды кадрларды ұлттық бағытта тәрбиелеуге баса назар аударды, сол үшін кей кездерде горкомда, обкомда қызу пікір-таластар да орын алып отырды. Себебі студенттер мен оқытушы-профессорлардың дені қазақтар еді. 1966 жылы біліктілікті арттыру факультеті мен ғылыми-зерттеу секторы ұйымдастырылып, 1970 жылы дайындық бөлімі ашылды.

1973жылы институттың Ректоры болып М.Ф.Үркімбаев тағайындалды. Рахмет Жанғазұлы келісімімен институттың кадрлық әлеуетінің өсуіп қалыптасуына баса назар аударды. Ол диссертация бойынша жұмыс атқарушы көптеген болашағы бар жас мамандардың ғылыми жетекшісі болды, ол институтқа жоғары білікті өндірістік мамандарды оқытушы ретінде шақыруға ерекше көңіл бөлді. Институттың материалдық базасын дамыту перспективасы тағы бір маңызды мәселе болды. Қаланың солтүстік бөлігінде, академик Қ.Сәтбаев атындағы көшенің аумағында Ректордың бастамасымен, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының жеке кешенін салу үшін үлкен алаң бөлінді.Өзінің табандылығының арқасында арнайы «ГИПРОВУЗ» жобалық институтының кешендік жобасын дайындады. Комплекс аумағында жедел қарқынмен студенттерге арналған жатақхана және профессор-оқытушылар үшін тұрғын үй салынып, нәтижесінде жас мамандар баспаналы болды.

Рахмет Жанғазұлы оқу үрдісін ұйымдастыруға ерекше назар аудардан тайынба және өзі әрдайым осы маңызды мәселеге жіті қатысып отырды.Институттың ректоры болған тұста барлық жылдар бойы студенттерге дәріс оқып олармен араласуды өзіне мақсат-міндет деп санады. Сонымен қатар, жыл сайын оқу пәндерін жаңалықтармен толықтырып отырды. Әрине, техника ғылымдарының докторы, профессор, таулы сулардың маманы болғандықтан, өзіне ең жақын «Гидротехникалық құрылыстар» пәні бойынша дәрістер оқығанды ұнататын. Бірақ үнемі дәріс оқу үшін «Гидравлика», «Теориялық механика» және «Жоғары математика» пәндерін алды. Бұл оның ғалым ретінде өзінің жан-жақты көзқарасы мен түрлі қызығушылықтары туралы хабардар ететін-ді.

Рахмет Жанғазұлы жан-дүниесі кең және жомарт жүректі адам еді. Қабылдау комиссиясының төрағасы ретінде мекемеде жақсы дайындалған үміткерлерді институтқа қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде ол өте әділеттілік танытты.

Ректор ретінде қабылдау комиссиясының ЖОО-ға қабылдау туралы шешімін талапкердің қатысуымен ашық отырыста қабылдады.

Бұл ашықтықты, демократиялық принципті іс жүзіне асыру деп саналды. Сондықтан қабылдау комиссиясы бірнеше күн бойы, әрбір мамандық бойынша құжаттар қаралды және әрбір талапкермен бөлек жеке-жеке сұхбаттасты.Институтта оқуға түсуге байланысты күрделенген сұрақтарды біртіндеп реттеу үшін, ол әрбір академиялық топқа еркін тыңдаушылардың құқықтарын сақтай отырып, студенттікке 2-4 үміткерді қабылдауға мүмкіндік берді.Олар студенттермен тең негізде оқыды және бос орындарға емтихандар мен оның қорытындысы бойынша институтқа қабылданды. Бұл тәжірибе студенттердің контингентін ұстап тұруға мүмкіндік берді, ал бірінші курстың студенттері арасында салауатты бәсекелестік пайда болды. Институттың

көптеген түлектері, бұрынғы үміткерлер, ірі өндіріс мамандары және ізденуші талапкерлерден құралды.

Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының дамуына Понер П.А., Акжанов А.А. және т.б. проректорлар үлкен үлес қосты.

**Зерттеудің нәтижелері.** Ғалым-басшы өміріндегі кездесетін адамгершілік, іскерлік, қарапайымдылық және адами тұлғалық т.б. қасиеттерді зерттеудің нәтижелері әлеуметтік ғылымдар - философия, педагогика- психологиялық, тарихи негізде жалпы алғанда, адамның жай-күйі мен дамуын тану үшін салыстыра пікірлер мен көзқарас, пайымдаулар қалыптастырады.

Әр адамға ананың құрсағында эмбрион кезінде табиғат қай салада тыңғылықты еңбек етсе жемісті болатындығын анықтайтын бағыт береді. Мысалы, математика, биология, тарих, философия т.б. ғылымдарға қабілеттілігі анықталады. Осы проблеманы жақсы түсінген ата-аналар, ұстаздар балалардың томағасын шешіп, ол таңдаған бағытқа толығынан ерік беріп, әр кез оны қолдаумен болады. Мұны гуманистік бағыт деп түсініп, қоғам дамуына ерекше мол пайда келтіретін ғылымның аса жемісті болуына ғылыми түрде қолдау көрсетеді. Бұл Маркстың пайымдауынша нағыз гуманистік тұлға деп аталады. Сонда ғана ол маман сансыз адамға қызмет етеді, мұны ол бақыттың қзыр ұшы деп есептеді. Қоғам осындай адамдардың ғылымдағы жанқиярлық әрекетінің нәтижесінде, жеделденген прогреспен дамып өркен жаяды. Ғылыми басшыдағы сондай адамдардың бірі және бірегейі, өткен ғасырдың 60-шы жылдарында Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында ректорлық қызмет атқарған профессор, академик Жолаев Рахмет Жанғазыұлы болды десек ақиқаттан алыстамаймыз.

Ол кісінің сондай ғалымдық шапағатының бір үлесін иемденген мен - Жанқұлов Тәуекел болдым. Шегініс жасар болсақ, сол жылдары басқа амалдың жоқтығынан Ташкенттің теміржол институтына түсіп, оны 1957 жылы бітіріп, келген соң Жамбыл теміржол станциясында қызмет атқарып, 3 жыл ішінде (1962-1965 жж.) Бас инженерлік қызметке дейін көтерілдім. Бұл кезеңде институттан кейін сол мамандық бойынша 3 жыл жұмыс істемесең диплом берілмейтін еді. Айлығым 195 рубль болды. Басқа жерлерде ол 100 рубльден аспайтын еді. Жамбыл қаласында туғандықтан, жоғарыда айтқандай, амалдың жоқтығынан өмірдің «алтынын» осы жерде тереңірек қазып, пайдалану керек болды. Алайда табиғат берген қабілеттілік, теміржол емес, гуманитарлық ғылым - философияда еді.

Мектеп бірігеннен кейін тікелей Алматыға барып түсуге қабілет жетелегенімен, түрлі жағдайларға (анам кенеттен қайтыс болып, әкем, інім үшеуіміз қалдық) байланысты мүмкіндік болмады. Мен мектепті өте жақсы бағамен бітіргендіктен республика министрлігі Одақтағы төрт институтқа (Москва, Ленинград, Одесса, Ташкент) конкурсыз түсуге бағыттама берді. Бірақ жоғарыда айтқандай, менің таңдауым анамнан айырылған соң, әкеме, бауырыма жақын болайын деген мақсатпен Ташкент қаласындағы Теміржол институтына түсуді жөн көрдім. Сөздің қысқасы, институтты бітіргеннен кейін 3 жыл теміржолға байландым да қалдым. Ең ауыры, уақытым пайдасыз, босқа сырғып өтіп жатқандай сезіндім. Егер қабілетімнің аясында болып, философиядан қызмет атқарар болсам, қоғамға тигізетін пайдам басымдау болып, біраз мәселелерді бөктеріп тастар едім-ау, деген ізгі тілек-арманым ойымнан бір кетпей-ақ қойғанын жасыруым мүмкін емес еді. Теміржол жұмысына кеткен 3 жылым босқа кеткен 3 ғасырдай болғанын да жасырмаймын. Не керек, бұл тағдырлы тығырықтан шығатын, қиын болса да

жолын іздеу басты мұратыма айналды. Ол кезде тәртіп қатал еді, егер университеттік диплом болмаса, философиядан дәріс беруге жол жабық еді. Дегенмен облыстық обком партиясының жанындағы екі жылдық Марксизм-Ленинизм университетін бітіргенім туралы диплом алған едім. Өкінішке орай, ол құжат жарамсыз еді. Сонымен шарасыздыққа жол бермеу мақсатымен Гидромелиоративтік институтының ректоры Р.Ж. Жолаевқа баруға бел будым. Бірақ «отказ» алатынымды алдын ала тағы білдім. Үш рет барып, үш рет тауым шағылды. Басқа жол жоқ, тұйыққа тірелдім. Үзілген үміт осы екен ғой деп, үміт парағын жауып қойдым. Біраз уақыт өткен соң, соңғы рет талаптанудан бас тартпадым. Бірақ осы жолы да ректордан «отказ» алып, мойныма су құйылып, кабинеттің есігінен шығып, бара жатқанда, басшыға қандай ой келді білмеймін, «тоқташы балам» деген оның биязы даусын есіттім. «Балам, мен сені университеттің дипломынсыз қызметке қабылдай алмайтындығым туралы айтқанмын, басым екеу емес. Шынтуайтын айтсам, философ оқытушыға зәрумін, көңілің қалмасын, енді сені институттың Ғылыми кеңесіне салып бағынды сынап көр деп кеңес берді». Суға кеткен тал қармайды дегендей, жағымды кеңеске үміт артып, «жарайды» дедім.

Аталған күні отыз адамнан құрылған Ғылыми кеңесте талқыға түстім. Байқаймын, талқы барысында безбеннің басы кері ауытқып менің пайдама шешілмейтін жаққа шықты.

«Жетім қозыға бір уыс жусан артық шығады» дегендей, шешуші сәтте Кеңестің мүшесі Қонақбаев Керімбек (олимпиада чемпионы Серік Қонақбаевтың әкесі) сөз алып: «Институт қабырғасында жүріп, ғылыммен айналысып, кандидат болу міндетті екенін білесіз бе?» - деп сауал тастады.

Мен: «иә, білемін, бірақ, академик Таммның сөзімен айтсам, данышпан ол 90% еңбек, 10% талант», - деген деп жауап бердім. Не керек, осы сәтте отырған Кеңестің мүшелері жылы шырай танытып бір-біріне қарасты, «Нәтижесі кейін белгілі болады» - деп ректор отырысты жапты.

Жанды қинаған күндер өтіп жатты, бір айдан кейін ассистент қызметіне қабылданғаным туралы хабар келді. Өмірімде бірінші рет әке-шешем маған жарық дүние сыйлағаны үшін, екінші рет табиғат берген қабілетімнің орындалғаны үшін төбем көкке екі елі жетпей қуанғанымнан көзіме жас үйірілді. Үлкен әріппен жазылған Бақыт деген осы екен ғой деп шын жүректен тұжырымдадым.

Табиғат берген қабілеттің құдіреті де осында болса керек мені жетелеп, үзілген үміттің жібі жалғасын тауып, жетелеп философияға бір-ақ әкелді. Бірақ алда күрделі белестердің күтіп тұрғанын, жауапкершілікпен тағы сезіндім, ешқашан естен шығармадым. Оңай болмады. Ректор маған үш ай отпуск берді. Алматыда Қазақ Академиясының кітапханасында отырып философияның бес жылдық бағдарламасын түгелдей оқып, ұлы ғұламалар Платон, Аристотель, Әл-Фарабий, Маркс т.б. шығармаларын қайта конспектіледім. Таңертең келіп кітапхана жабылғанша оқыдым, материал жинадым, пысықтадым. Осылай қалыпты ғылыммен шұғылданған «азапты» күндерім өтіп жатты. Үйде (Жамбылда) қалған бала-шағам, жататын жер жоқ, күнкөріске ақша тапшы болды. Не керек сөздің қысқасы, кітапханада ешкім қалмағанша отырамын.

Бірде жазып отырған дәптерімнің бетінде мұрнымнан тамшылаған қанды көрдім. Басым айналып, қонатын жеріме такси жалдап әрең жеттім. Ден саулығымның сыр бергенін, қауіпті шекараға жеткенін байқап, ауылға қайтып келдім. Емделдім. Алматыға қайтып оралдым. Ғылыми Кеңесте

академик Таммның сөзін келтіргенім ректорға, Ғылыми Кеңес мүшелеріне, К.Қонақбаевқа берген уәдем тағы бар 1973 жылы Ташкентте (Өзбекстан Ғылым академиясы) кандидаттық диссертация қорғап шықтым. Ғылыми жетекшім философия ғылымдарының докторы, академик (Өзбекстан) Э.Юсупов болды. Әруағы ырза болсын, маған сіңірген ғылыми еңбегі ұшан-теңіз болды. (Рақметім шексіз!)

Кандидаттық диссертация қорғауыма табаны күректей 8 жыл кетті (1965-1973 жж).

Қорғап келген күні ертесіне ректорға сәлем беріп, қорғағаным туралы айтқанда, ол телефонды ала салып Обкомның бөлім басшысы Титовқа: «Теміржолшы Жанакулов диссертациясын қорғап келді, «Сіз мені теміржолшыны заңға қиғаш болса да, жұмысқа қабылдадыңыз» деп ылғи сынның жүзіне алушы едіңіз. Жас талантқа сенім артқанымыз өте оңды болды», деп қуанышы қойнына сыймай мені құттықтады. Бұдан мен қолында мөр ғана бар басшы емес, сол мөрдің нәрі бар нағыз басшы екенін тереңірек түсіндім.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.** Мақалада ғылыми нәтижелерді талқылау мақсатында ғалым-басшы өмірінің көпке өнеге үлгі боларлықтай гуманистік жақтарын салыстыра қарастыру қажеттілігі туындады. Өйткені бұл кісі жай ғана ғалым емес, гуманитарлық жүктеме дарыған тұлға екенін қабылдап, өмірімнің болашақ рухани азығына айналдырдым.

Оның ғылымдағы шәкірттері көптеп саналады олардың барлығы «Жолаевтың шекпенінен шықтық» деп мақтан ете жүреді. Мен де солардың бірі болдым. Гидроинституттың өзі отыратын төртінші корпусының алдында темекесін шеге отырып, басынан өткен кейбір ойларын сыртқа шығарып сыр шертетін.

Мінезі дархан, бір адамға даусын шығармаған басшылық қолтаңбасын ерекшелендірмей, жәй ғана биязы сөйлейтін, қызметкерлерінің не айтатынын іштей біліп отыратын адамдармен сұхбаттасқанда «Сіз» деп қана сөйлейтін, биязы мінсіз гуманитарлық іс-әрекеттерінен, алға бастаған жақсылықтары ізгіліктің, тәрбиеліліктің іздері сараланып, даналығы мен даралығы қосыла сүрленіп мен мұңдалап нұрланып тұратын. Қасында тұрған сайын тұрғың келе беретін бейне бір ерекше магниті бар абыз адам еді. Жастармен жастарша, ғалымдармен ғалымдарша, министрмен министрше пікір алыса сұхбат жасайтын әмбебап дамыған айтулы тұлға еді.

Кейініректе мені студенттердің кезекті қабылдау комиссиясының жауапты секретарының орынбасары етіп тағайындады. Студенттерді қабылдау науқанында басынан аяғына дейін өзі жиі аралап емтиханның барысын қадағалап жүретін. Сондағысы студенттердің тағдырына септігін тигізетін әділеттілікті ұдайы жақтап, оның бергі жағында, таразының басын абитуриенттердің пайдасына шешуді жүрегі соғып тұратын. Оған мысал жетерлік.

Бірде, Рахмет Жанғазыұлы менің кабинетіме келіп шәй ішіп отырғанда, бір абитуриент сұранып кіріп, өзінің есепті дұрыс бастап шығарғаны, бірақ нәтижесінің дұрыс болмай қалғанына налып, Ректордың әділет көмегіне жүгініп келген жәйі бар екен. Ол есепті тексерген мұғалімнің вердикті дұрыс деп тапса, абитуриент ауылына қайтпақ екен. Ол кісі әрі математик, әрі физик, инженер әрі гидротехник т.б. болғандықтан шығарған есепті тексеріп жіберіп, абитуриенттің шығару жолы дұрыс, бірақ бір саннан қате жібергені туралы дәлелдеп берді. Есепті тексерген мұғалімге де, баланы есепті шығару жөніндегі басты принципі де оның жолының дұрыс екенін дәлелдеп, еліне

қайтайын деп тұрғаны баланы қайтармай студенттер қатарына іліктірді. Сөйтіп, абитуриентті қуанышқа кенелтті.

Біздерге әсіресе, профессор-оқытушыларға қарап: «Сіздер рубаксыңдар», қит етсе абитуриенттердің формуласынан кемшіліктер тауып, жұмысын қайтарып жіберуге бейім тұрасыңдар, олай болмау керек, қайта жетіспей тұрған нүкте мен қайырмасын толтырып жіберіп абитуриенттің пайдасына шешуге дайын тұру керек», - деп оң жолға сілтер еді.

Осылай сансыз студенттердің творчестволық тағдырына ұқыптылықпен, демеушілік танытып, ылғи қолының ұшын беруге дайын тұратын, нәтижесінде Қазақстанның ғылымының жедел дамуына қомақты үлес қосуға тырысып бағатын. Институттың профессор-оқытушылар корпусының ғылыми зерттеу жұмысындағы жетістіктері өз алдын бір төбе. Тіпті сол кезеңдерде Одақ көлемінде Жамбыл гидромелиорация және құрылыс институтының даярланған мамандарының ғылыми потенциалы жоғары болып, шетелдермен де қарым-қатынас, тәжірибе алмасу процестері талақа сай болды.

**Қорытынды.** Рақмет Жанғазыұлы, әсіресе, жас буынның шын мәніндегі шынайы досы, қамқоршысы, демеушісі, кумирі болды. Кей кездері студенттің елге қайтар кезінде (сонда Одақтың түкпір-түкпірінен білім іздеп келетін студенттер қаншама еді-ау!) егер оның үйге қайтар жол ақысының жоқтығын байқап қалса, бір нәрседен таршылық көріп жүрсе, жарлы-жақыбай болса, ретін тауып бір айлық стипендиясын беріп, немесе қалтасынан ақша беріп, жатар орны жоқ болса, жатақханаға орналастырып т.б. сүйемелдеуден жалықпас еді. Ректордың есігі жастарға ылға ашық та, жақын болатын. Жатақханаға барып, студенттердің тұрмыс-тіршіліктерімен жіті танысып тұрар еді. Аты аңызға айналған басшының конституциясы осындай қалыпта болды. Кезінде «ходоктар» (келушілер) үшін Кремльде Лениннің есігі де осылайша ашық болған.

Қазақстанның қарыштап дамуына, қазақ халқының өркениеттілігіне қомақты үлес қосқан гуманист Жолаев Рақмет Жанғазыұлына мың да бір тағзым. Оны ел «Халықтың ақдемігі» деп кездейсоқ атамаған. Көптеген ғалымдар тобы Жолаевтың шекпенінен шықтық десе, осы жолдардың авторы біз де солардың бірі болғандығымызды мақтан тұтамыз.

Ол 1967ж. «Құрмет белгісі» «Октябрь революциясы» ордендерімен наградталған. Басшы Р.Ж.Жолаев есімі еселеніп, мәңгі сақталу мақсатымен оның атында Тараз қаласында көше бар [2]. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Құрмет тақтасы» орнатылып, кабинет ашылған. Қайталанбас тұлға ұрпақтар жадында сақталып, мәңгілікке жол тартуда.

Замана ағымына телінген Р.Ж.Жолаев сияқты ғұлама һәм гуманист даналар қатары толықтырла беретіндігіне тарих кәміл сенім артады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев, Н. «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар [Мәтін] / Н. Назарбаев // Егемен Қазақстан. - №224(30203), 24 қараша 2021 ж.
2. Қала көшесіне жаңа атау беру туралы Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 36-17 шешімі және Тараз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 1089 қаулысы. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30928541&pos=0;0#pos=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928541&pos=0;0#pos=0;0)

*Материал рекдакцияға 29.12.21 түсті.*

**Т. Жанкулов, З. Куламанова**

*Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Казакстан*

### **ЖИЗНЬ ЛИДЕРА, ПОСВЯЩЕННАЯ ИДЕЕ ГУМАНИЗМА**

**Аннотация.** Статья посвящена ученому-гуманисту, профессору Р.Ж. Жолаеву, внесшему значительный вклад в стремительное развитие Казахстана и цивилизацию казахского народа в 1962-1973 гг. Подробно описаны его роль ректора Жамбылского института ирригации и строительства (ныне Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати), его заслуги в области образования, науки, организаторские способности и нравственный облик.

**Ключевые слова:** руководитель, ученый, организатор, педагог, гуманист, человек.

**T. Zhankulov, Z. Kulamanova**

*Taraz Regional University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan*

### **A LEADER'S LIFE DEDICATED TO THE IDEA OF HUMANISM**

**Abstract.** The article is dedicated to the humanist scientist, professor R.Zh. Zholayev, who made a significant contribution to the rapid development of Kazakhstan and the civilization of the Kazakh people in 1962-1973. His role as rector of the Zhambyl Institute of Irrigation and Construction (now the Taraz Regional University named after M.Kh.Dulati), his merits in the field of education, science, organizational skills and moral character are described in detail.

**Keywords:** leader, scientist, organizer, teacher, humanist, person.

### **References**

1. Nazarbayev N. Principles of "Seven Facets of the Country" // Sovereign Kazakhstan. No. 224 (30203) November 24, 2021. [in Kazakh].
2. The decision of the Taraz city maslikhat of the Zhambyl region dated December 23, 2010 No. 36-17 and the resolution of the Akimat of the city of Taraz dated December 23, 2010 No. 1089 on renaming the city street. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30928541&pos=0;0#pos=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928541&pos=0;0#pos=0;0) [in Kazakh].